

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Nur Otan» фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 10 наурыздағы
№ ДС-105 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің отандық балалар басылымдарын қолдауға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Біріншіден, мемлекет меншігіндегі «Ұлан», «Дружные ребята», «Ақ желкен», «Балдырған» балалар басылымдары біріктірілмейді. Олар қалыптасқан формат бойынша, атаулары мен қаржыландыру көлемін сақтай отырып, өз жұмыстарын жалғастырады.

Анықтама: Қазіргі уақытта «Қазақ газеттері» ЖШС құрамындағы «Ұлан», «Дружные ребята» газеттері және «Ақ желкен» журналы аптасына бір рет 5000 дана тиражбен, «Балдырған» журналы аптасына бір рет 10 000 дана тиражбен басылып шығады. Олардың электрондық нұсқалары серіктестіктің www.kazgazeta.kz ресми вебсайтында қолжетімді. 2020 жылы аталған балалар басылымдарын қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 133,7 млн теңге, ал 2021 жылы 134, 7 млн теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 7 қарашадағы № 743 қаулысына сәйкес «Қазақ газеттері» ЖШС-ін қайта құру жұмыстары оның құрамындағы балалар басылымдарының қызметіне ықпал етпейді. Серіктестікті қайта құрудың нәтижесінде оған қосылып жатқан республикалық газеттердің әкімшілік персоналы ғана оңтайландырылады.

Екіншіден, балаларды мемлекеттік тілде сөйлеуге ынталандыру үшін қазіргі уақытта қазақ тілінде мультфильмдер мен теле бағдарламаларды өндіруге ерекше көңіл бөлінуде.

Бұл бағытта «Валаран» телеарнасы (бұдан әрі - телеарна) белсенді жұмыстар атқаруда. Бүгінде телеарна 8 жасқа дейінгі көрермендер үшін

толығымен мемлекеттік тілде хабар таратады, оның эфирінің 80%-ын анимациялық өнімдер құрайды.

Аудиторияның талғамына сай «Balapan» арнасы 2010 жылдан бері 64 000 сағат көлемінде 246 телеөнім әзірледі, оның ішінде жалпы хронометражы 15 мың минутты құрайтын 80 анимациялық жоба бар. Аудиторияны ұлғайту мақсатында аталған өнімдер телеарнаның Youtube арнасында орналастырылады.

2020 жылдан бастап телеарна үздік шетелдік туындылардың интернет құқықтарын сатып алу жұмысын жүргізіп отыр. Нәтижесінде 7 шетелдік компаниямен келісімшарт жасалып, мемлекеттік тілге аударылған шетелдік мультфильмдердің 700 сериясы «Balapan»-ның Youtube каналына жүктелді. Бұл бастама өз жалғасын табады.

Ресейлік «Мульт» телеарнасымен жасаған келісімге сәйкес 2019 жылғы сәуірден бастап аталған телеарна Қазақстан аумағындағы эфирінің бір бөлігін мемлекеттік тілге көшірді. Нәтижесінде ресейлік телеарнаның «Текшелер», «Қонжықтар», «Сикырлы шам» және басқа да мультфильмдері қазақ тілінде көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Nickelodeon», «Тіжі», «Мульт» және «Карусель» сияқты танымал шетелдік балалар телеарналарының Қазақстан аумағындағы эфирін толығымен мемлекеттік тілде көшіру мәселесі пысықталуда.

Бұдан бөлек, «Қазақ радиосының» желісінде «Балаларға базарлық», «Балапан саз», «Тапқыр бала» балаларға арналған бағдарламалар тұрақты түрде жұмыс істейді

Үшіншіден, Бүгінгі күні балалардың оқуға құштарлығын ынталандыру және олардың оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында 3 миллионнан астам оқушыларды қамтитын «Оқуға құштар мектеп» жобасы (бұдан әрі - жоба) іске асырылуда.

Жобаның аясында білім беру ұйымдарына қарасты кітапханалар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту, қорын көркем әдебиетпен толықтыру және оны цифрландыру бойынша шаралар қабылданады.

Осыған орай білім беру ұйымдарының қорларын мерзімдік балалар басылымдарымен тұрақты түрде толықтыру туралы ұсыныстарыңызды қолдаймыз. Білім және ғылым министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар бұл мәселені пысықтауда және нәтижесін сіздерге қосымша хабарлайды.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов